

^{*1} Илесбеков Б.О.  ² Керім Ш.Т.  ³ Мухитдинов Р.С. 
^{1,2,3} Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан
E-mail: ¹ bizhan.ilesbekov@mail.ru, ² kerim-1962@mail.ru,
³ mukhitdinov.rashid@gmail.com

АЛАУДДИН АС-САЙРАМИДІҢ АЛТЫН ОРДА ДӘУІРІНДЕ ХАНАФИ МӘЗҒАБЫНЫҢ ДАМУЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Аңдатпа. Аталған мақалада Қазақ жерінен шыққан дін ғалымдарының Мысырдағы мәмлүктер дәуіріндегі діни-ағартушылық қызметі жайлы баяндалады. Алтын орда мемлекеті мен Мысыр-Мәмлүк мемлекеті арасындағы саяси, әскери, сауда-экономикалық және діни салалар бойынша екі ел арасындағы көп салалы қарым-қатынастардың нәтижесінде Мысырдағы ханафи мәзһабының дамуына қалай әсер еткендігінің дәлелденуі зерттеу жұмысының жаңалығы саналады. Сонымен қатар аталған екі ел арасындағы нақты сол дәуірде Мысырда діни-ағартушылық қызметпен айналысқан Тараз, Сарай, Сайрам және Иқан ғалымдарының есімдерін анықтау, олардың өмірі мен ғылым жолдары, ұстаздары мен шәкірттері, жазған кітаптары жайлы тың мәліметтерді келтіру зерттеу жұмысының міндеттері ретінде қаралады. Бұл ретте сайрамдық ғалымдардың арасынан Алауддин ас-Сайрамиге ерекше тоқталып, оның өмірі, ғылым жолы, ұстаздары мен шәкірттерінің ғылыми генеалогиясы, жазған еңбектері мен Мысырдағы діни-ағартушылық қызметі тереңірек зерделеу аталған зерттеу жұмысының мақсаты саналады. Аталған мақаланы жазу барысында қойылған мақсат пен міндеттерді орындау үшін тарихи, салыстырмалы, индукция, дедукция, текстологиялық талдау және анализ әдістері қолданылды. Зерттеу жұмысының нәтижелері ретінде Алауддин ас-Сайраמידің жаңадан анықталған «Рисәләтун фис-сәһуиияти әл-уақиғати фи бағди әбуаби әл-Уиқая» атты трактатын ғылыми айналымға танытып, оның әлемде сақталған қолжазба нұсқалары жайлы тың мәліметтер берілді. Сондай-ақ Алауддин ас-Сайраמידің Мысырда ханафи мәзһабының дамуына қосқан үлесі, Орта Азияда жазылған «Ғидая» кітабын Мысырда ғылыми айналымға кеңінен енгізгендігі негізді тұжырымдармен дәлелденді.

Алғыс: Мақала 2024-2026 жылдар аралығында орындалатын «Қазақстандағы дәстүрлі ислам: ғылыми-тәжірибелік негіздері мен дамыту жолдары» («BR24993035») атты мемлекеттік бағдарламалық-нысаналы ғылыми жоба аясында жарияланды.

Кілт сөздер: ислам, мәзһаб, фикһ, дәстүр, қолжазба.

Кіріспе

Жалпы Қазақ жеріндегі ислам тақырыбы қозғалғанда, VIII ғасырдың екінші жартысынан бастап, Қазақ жерінде дәстүрлі ислам дінінің тарағаны, содан бастап бүгінгі таңға дейін үзілмей жеткені жайлы көптеп айтылып та, жазылып та жатады. Алайда бұлай айтумен ғана шектелу жеткіліксіз. Қазақ жеріндегі ислам тарихы, мәдениеті мен өркениетінің сонау VIII ғасырдан бастап бүгінгі күнге дейінгі аралығын кезең-кезеңімен жүйелі түрде зерттеу керек. Әрине Қазақстанның өткен ғасырындағы дәстүрлі ислам тарихын, құндылықтары мен мәдениетін бүгінге дейін сақталған кесене, мешіт-медресе секілді сәулет нысандары, табылған археологиялық ескерткіштер, көне араб және парсы дереккөздерінде жазылған дін ғалымдарының есімдері мен әлем кітапханаларында сақталған қолжазба еңбектерін ғылыми тұрғыдан зерттеу арқылы ғана дәлелдеуге болады. Бұл аталғандардан басқа жолдармен оны дәлелдеу мүмкін емес. Мәселен, Қарахан мемлекеті тұсындағы ислам жайлы, түркілердің исламдану процесі, сол дәуірде шыққан ислам ғалымдары жайлы Әбсаттар Дербісәлі, Әшірбек

Муминов, Назира Нұртазина, Юсуф Зия Кавакчи сынды отандық және шетелдік ғалымдар зерттеулер жасаған. Алайда Алтын Орда дәуіріндегі дәстүрлі ислам, нақтырақ айтқанда ислам тарихы, мәдениеті мен өркениеті, ислам ілімдері, ғалымдары мен олардың еңбектері, олардың ислам дініне қосқан үлесі жайлы зерттеулер өте аз. Аталған кезең бойынша еңбек жазған Мұхан Исахан, Назира Нұртазина, Тұңғыш Абылов сынды зерттеушілерді атап өтуге болады. Бұл ретте Алтын Орда дәуіріндегі исламды толыққанды әрі кешенді зерттеу өзекті саналады. Өйткені Алтын Орда дәуіріндегі исламды толық зерттеу, одан кейінгі Қазақ хандығы, Патшалық Ресей, Кеңес үкіметі кезеңдеріндегі исламды зерттеуге жол ашады.

Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Зерттеу жұмысын жүргізу барысында баяндау, анализ, деректанулық талдау, текстологиялық талдау, түйіндеу әдістері қолданылды. Баяндау әдісі Мысыр-Мәмлүк мемлекеті мен Алтын Орда арасындағы байланыстарды баяндауда қолданылды, ал анализ әдісі Мысыр-Мәмлүк мемлекеті дәуірінде Қазақ жерінен барған ғалымдардың діни-ағартушылық қызметі мен елдегі діни-саяси жағдайға анализ жасау барысында, деректанулық және текстологиялық талдау Алауддин ас-Сайраминің қолжазба еңбегінің нұсқаларын анықтап, оларға атрибуция жасау барысында, ал түйіндеу әдісі Алауддин ас-Сайраминің «Һидая» кітабы аясында жасаған қызметтері барысында қолданылды. Аталған әдістер кешені арқылы зерттеу жұмысы нақты әрі құнды нәтижеге қол жеткізді.

Талқылау

Мысыр-Мәмлүк мемлекеті мен Алтын Орда арасындағы байланыстар тарих ғылымында толыққанды әрі жан-жақты зерттелмеген тақырыптардың бірі. Орта ғасырларда, атап айтсақ XIII ғасырдың екінші жартысынан бастап, XV ғасырдың бірінші жартысын қамтыған кезеңде әлем тарихының барысына елеулі әсер еткен бұл екі ірі мемлекеттің саяси тарихы жекелеп алғанда Батыс Еуропа, Ресей және араб зерттеушілері тарапынан біраз зерттелген. Екі елдің арасында орнаған көптеген жақты қарым-қатынастар мен байланыстардың ішінде діни байланыстар өте күшті болған. Шыңғыс хан ұрпақтарының ішінде ең бірінші ислам дінін қабылдаған Берке хан деп танылып жүр. Оның исламды қабылдауы және оның қай кезде болғаны туралы түрлі деректер бар. Бірақ Мысыр мен Дешті-Қыпшақта ислам дінінің сопылық бағытының бір мезгілде пайда болғанын және Дешті-Қыпшақта ислам дінінің кең таралуында сопылықтың рөлі күшті болғанын араб дереккөздеріне сүйене отырып кесіп айтуға болады (Батырша-ұлы, 2021: 163). Сонымен қатар сұлтан Бейбарыстың Берке ханның қызына үйленуі, екі ел арасындағы елшіліктер, өзара әскери одақтастық, екі ел басшыларының өзара үздіксіз хат алмасуы нәтижесінде екі ел арасындағы байланыс өзінің шыңына жетті. Мәмлүк мемлекеті мен Алтын Орда арасындағы діни байланыстар нәтижесінде салт-дәстүрлер мен қайырымдылық істер кеңінен көрініс тапты. Атап айтқанда, хижра бойынша 686 жылы Сұлтан Қалауын Берке ханға сыйлық және Қырым мешітін салуға арналған екі мың динар ақша мен ханның лауазымдары мен лақабтарын ойып жазатын тас ұсталарын жіберген (Батырша-ұлы, 2021: 168).

Сонымен қатар деректерге орай, Берке хан билік құрған кезеңде Жошы ұлысының әскері арасында мас қылушы ішімдіктер мен доңыз етін тұтынуға тыйым салынып, әскери жарлыққа бес уақыт намаз оқу енгізіліп, әр әскердің өзінің жайнамазы болу керек делінген. Сол кездерде алғаш рет көшпенді мұсылмандар үшін шатырлы мешіттер жайлы мәліметтер пайда болған(Нуртазина, Исахан, 2022: 917). Берке хан өз мемлекетін басқаруда Жошы Ұлысын бірте-бірте Ислам мемлекетіне айналдыру мақсатында ислам дін ғұламаларын кеңес беруге шақырды. Мұсылмандар қоныстанған жерлерде мешіттер мен медреселер құрылысы қарқынды жүрген(Abdunaim, Derbisali, Omirzhanov, Kozhambek, 2005: 564). Бұндай жақсы байланыстар екі ел арасында ғылым мен білімнің өзара алмасып, дамуына керемет жағдай жасады.

Әсіресе, Өзбек хан тұсында Алтын Орданың ірі қалаларында оқу орындары ашылды. Соның нәтижесінде медреселер көбейді. Бірақ үлкен мешіттердің жанына салынған медреселердің көпшілігі бүгінгі күнге дейін сақталмаған. Зерттеу барысында қолданылған ғұмырнамалық әдебиеттердегі ғұламалар білім алған қалаларға қарасақ, ең атақты медреселердің Алтын Орданың Сарай, Бұлғар, Қырым, Хажытархан және Хорезм қалаларында болғаны белгілі болды (Абылов 2023: 309).

Мәселен бір ғана Дешті-Қыпшақ даласының өзінен, атап айтқанда Сарай, Сайрам және Иқан сынды қалалардан Қауамуддин әл-Итқани, Алауддин ас-Сайрами, Низамуддин ас-Сайрами, Сайфуддин ас-Сайрами, Адудуддин ас-Сайрами, Аршаддуддин ас-Сайрами, Мәуләнә-Зада ас-Сарайи, Әбу ас-Сағадат ас-Сарайи сынды дін ғалымдары Мысырға сапар шегіп, ілімдерін ары қарай шыңдап, сол жақта діни-ағартушылық қызметпен айналысты. Солардың қатарында Алауддин ас-Сайрамиді ерекше атап өтуге болады.

Алауддин ас-Сайрами – Сайрам қаласынан шыққан ханафи мәзһабының көрнекті өкілі, құқықтанушы ғалым. Сайрам қаласында дүниеге келген, алайда қай жылы екені белгісіз. 1388 жылы Каир қаласында өмірден өткен. Ғалым шарифі білімді ұстазы Жалалуддин әл-Курләниден алған. әл-Курләни болса, Хусамуддин әс-Сығнақи мен «әл-Кашф» еңбегінің авторы Алауддин Абдулазиз әл-Бухариден білім алған. Алауддин әс-Сайрами Мысырдағы мәмлүк сұлтаны Заһир Барқұқтың Каир қаласында құрған медресесіне бас ұстаз етіп тағайындалған. Аталған медреседе көптеген шәкіртке ұстаздық еткен. Бұны өз кезегінде ғұлама Ибн Хажардың ол жайлы айтқан келесідей сөзінен де көруге болады: «Алауддин әс-Сайрами – теориялық ілімдердегі үлкен ғалымдардың бірі, әрі мағани мен баян ғылым салаларында (араб тілі шешендік өнер ғылымының салалары) теңдессіз, шығыс қалаларының бірінен келіп, Мардин де, содан соң Хэләб (Алеппо) қалаларында біршама уақыт тұрақтаған. Кейіннен сұлтан Заһир Барқұқ ол жайлы естігенде, ғалымды Мысырға шақырған. Келген соң оны сұлтан екі сарайының арасында салдырған медресесіне ұстаз етіп тағайындайды (әс-Суюти, 2004: 138). Шәкірттерінің қатарында ханафи мәзһабының көрнекті өкілі, фақиһ әрі мухаддис – Бәдруддин әл-Айниді атап өтуге болады. Бәдруддин әл-Айни ұстазы жайлы былай дейді: «Алауддин Ахмад ибн Мухаммад әл-Ханафи әс-Сайрами – ұстазымыз, ғұлама, бірқатар ғылым саларының толыққанды маманы, әуелгі ізгілердің сынығы, кейінгілердің үлгі-өнегесі болатын. Барқұқия медресесінде бас ұстаз болған. Ол көп салалы ғалым әрі имам, әсіресе мағани, баян (араб тілі шешендік өнер ғылымының салалары), фикһ, фикһ негіздері сынды ғылым салаларын өте терең меңгерген еді. Сондай-ақ ол ғылым жолында көптеген үлкен ғалымдардың көзін көрді». Алауддин әс-Сайрами медреседе шәкірттерге дәріс оқи жүріп, Харат, Хорезм, Сарай, Қырым, Тибриз, Мысыр сынды бірқатар елдерде халыққа пәтуа берген (Тағри-Бәрди, 1984: 175). Алауддин ас-Сайрами өмірден өткен кезде, Сайфуддин әс-Сайрами Шайхуния медресесінде ұстаздық қызметте болатын, содан соң аталған медреседен Заһирия медресесіне бас ұстаз болып ауысқан. Ол – ғұлама Низамуддин Яхия әс-Сайрамидің әкесі. Әкесі Сайфуддин әс-Сайрами өмірден өткен соң, оның орнына баласы Низамуддин ас-Сайрами Заһирия медресесінің бас ұстазы болып тағайындалып, өмірінің соңына дейін аталған медреседе қызмет атқарған. Кейіннен Низамуддин ас-Сайрами өмірден өткен соң, оның орнына ұлы Адудуддин әс-Сайрами аталмыш Заһирия медресесінің бас ұстазы болып тағайындалып, ол да өмірінің соңына дейін ұстаздық еткен (әс-Суюти, 2002: 127). Жалпы Заһирия медресесінің тарихында әс-Сайрамирлер әулетінің алар орны ерекше. Өйткені Сайфуддин әс-Сайрами және ұлы Низамуддин әс-Сайрами және немересі Адудуддин әс-Сайрами деп аталатын аталы, әкелі және немерелері үш ұрпақ бірінен соң бірі Заһирия медресесінің бас ұстазы қызметін атқарған. Каирдегі Сайрам ғалымдары әрине бұлармен шектелмейді. Сайрамнан шыққан тағы бір Аршаддуддин Махмуд ибн Құтлушаһ ас-Сайрами деген ғалым болған. Ғұлама Ибн Хажардың келтірген деректеріне орай, XIII ғасырдың соңына қарай дүниеге келген. Алғашқы діни ілімін өз елінде үйреніп, кемелдікке жеткен кезде, ары қарай ислам елдеріне сапар шегіп, Шамда біршама уақыт тұрақтайды. Сол жерде адамдарға

дәріс беріп, бір топ шәкірттер тәрбиелейді. Кейіннен Мысырдағы мәмлүк сұлтаны Сарғатмиш ғалымды Мысырға алдыртып, сол жердегі өзі салдырған медресеге Қауамуддин әл-Итқанидің қазасынан кейін ұстаз етіп тағайындайды. Ол шарифат ғылымдарынан бөлек механика, логика ғылымдарының да маманы болған. Ғалым 1373 жылы, ережеп айында сексеннен асқан шағында өмірден өткен. Сонымен қатар деректерде ғалымның медицина ғылымын да меңгергендігі айтылады (әл-Мақризидің, 1997: 395). Бұлардан бөлек, Алтын Орданың астанасы Сарай қаласынан шыққан Абу ас-Сағадат ас-Сарайиді де атап өтуге болады. Ол Сарай қаласынан Каирге қоныс аударған Ахмад ибн Абу Язид Мәуләнә-Зада ас-Сарайидың баласы. Ханафи мәзһабының фақиһы, муфассир әрі мухаддис саналады. Ол алғашқы білімді Каир қаласында алған. Содан соң білімін жетілдіру мақсатында Александрия, Дамаск, Алеппо, Бәйтул-Мақдис, Әмид қалаларына сапар шеккен. 1425 жылы әскер қатарына қосылып, Кипр аралын жаулап алу жолында жорыққа да аттанған. Бірнеше рет қажылық ғибадатын өтеген. Кейіннен Мұәйидия медресесінде тәпсір саласынан сабақ берген. Ғалымның «Хашиат әл-әл-Кашшаф» атты еңбегі бар. Бұл еңбегінде ол Махмуд әз-Замахшаридің тәпсір саласында жазған «Кашшаф» атты еңбегіне қосымша түсіндірме жазған (Нуаиһидің, 1988: 484). Әбу ас-Сағадат ас-Сарайидің әкесі, атақты ғұлама Мәуләнә-Зада ас-Сарайи де, Заһирия Баркукия медресесі жаңадан ашылған кезде, оған алғаш хадис пәнінің ұстазы ретінде тағайындалып, ол да аталған медреседе Алауддин ас-Сайраимен бірге өмірінің соңына дейін ұстаздық етіп, 1389 жылы 36 жасында өмірден өткен. Алауддин ас-Сайраи ханафи фикһы мен сопылықтан дәріс берсе, Мәуләнә-Зада ас-Сарайи хадистен дәріс берген (Зайнуддинов, 2027: 132).

Зерттеу нәтижелері

Негізі Мәмлүктер дәуірінде ағартушылықпен айналысқан Қазақ жерінен шыққан ғалымдардың алдыңғы буыны ретінде Ибатулла ат-Таразиды атап өткен жөн. Ол білім жолындағы сапары барысында Дамаскіден Каирге сапар шегіп, сол жерде тұрақтап қалады. Каирде Сұлтан Бейбарыс салдырған Заһирия медресесіне ұстаз болып тағайындалады. Мысырлық атақты ханафи мәзһабының ғұламасы Әбу Жағфар ат-Тахауидың еңбектеріне түсіндірме жазады (Дербісәлі, 2016: 116). Бұл ретте ескере кететін жайт, Сұлтан Заһир Бейбарыс салдырған медресе Заһирия медресесі деп аталған, сонымен қатар кейінгі мәмлүк сұлтаны Заһир Барқұқтың салдырған медресесі де, Заһирия медресесі деп аталады. Ол екеуін айыру үшін ғылыми ортада Сұлтан Бейбарыстың медресесін Заһирия қадима деп, ал Сұлтан Заһир Барқұқтың медресесін жадидда немесе Заһирия Баркукия деп атаған (Зайнуддинов, 2027: 132).

Қарап отырсақ, Мысырдағы мәмлүктер мемлекеті тұсында Қазақ жерінен шыққан тараздық, сарайлық, сайрамдық, иқандық ғалымдардың шоғырлануы, тіпті, олардың әрбірінің Каирдегі бір-бір медресенің тізгінін ұстауын кездейсоқтық деп айта алмаймыз. Сол дәуірдегі бұл тенденциядан діни-саяси фактордың әсері байқалады. Өйткені мәмлүк (күл) болып барып, Мысырды билеген мәмлүк билеушілеріне мемлекеттің саяси тұрақтылығын сақтау және халықпен жақсы байланыс орнату өте маңызды саналды. Өйткені сырттан келіп билікті алған басшыларға жергілікті халықтың алғашында кең пейіл танытпайтыны белгілі. Бұны Орта Азия мен Кавказдан барған түбі түркі мәмлүктер жақсы білді. Сол дәуірде билік пен халықтың арақатынасын реттеуде басты құрал ислам діні болды. Бұл қатынаста жергілікті дін ғалымдарының мәмлүк билеушілері мен Мысыр халқы арасында алтын көпір бола алмасы белгілі еді. Өйткені жергілікті ғалымдар ел билігін жаңадан қолға алған, сырттан келген, қаны бөлек мәмлүк билеушілерінің емес, жергілікті халықтың сөзін сөйлейтіні де белгілі. Бұны түсінген мәмлүк билеушілері Каир қаласында медреселер салғызып, сол медреселерге Орта Азиядан, нақтырақ айтқанда Сайрам, Сарай және Түркістан аймағынан шыққан ғалымдарды шақыртып, оларды бас ұстаз етіп тағайындап отырды. Әрине жалпы дін деген ұлттар мен ұлыстарды бір-біріне жақындатып, ортақтастыратын ортақ құндылық болғандықтан, Қазақ жерінен барған ислам ғалымдары көп өтпей жергілікті Мысыр халқының көңілінен шығып,

олардың ыстық ықыласына бөленіп, әрі мәмлүк билеушілеріне тарапынан үлкен қолдау тапқан. Осылайша аталмыш ғалымдар мәмлүк билеушілері мен жергілікті халық арасында алтын көпір бола білген. Бұл өз кезегінде мәмлүк билеушілерінің Мысырдағы билігінің діни-саяси астарын көрсетеді.

Алауддин ас-Сайрами ханафи мәзһабының фикһын әл-Һидая кітабына шарх жазған әс-Сәйид Жалалуддин әл-Курланиден, ол әл-Кәшф кітабының авторы Алауддин Абдулазиз әл-Бухариден, ол Хафизуддин әл-Кәбирден, ол шәмсул-әйиммә Мухаммад ибн Абдусаттар әл-Кердериден, ол әл-Һидая кітабының авторы Бурһануддин Али ибн Әбу Бәкір әл-Марғинаниден, ол фахрул-ислам Али әл-Бәздәуиден, ол шәмсул-әйиммә ас-Сарахсиден, ол шәмсул-әйиммә әл-Халуаниден, ол қазы Әбу Али ән-Нәсәфиден, ол Әбу Бәкір Мухаммад ибн Фадлден әл-Бухариден, ол Әбу Абдулла әс-Субазмуниден, ол Абдулла ибн Әби Хафс әл-Кабирден, ол әкесі Әбу Хафс әл-Кабирден, ол имам Мухаммад Шайбаниден, ол имам ағзам Әбу Ханифадан үйренген. Ал имам Әбу Ханифа өз кезегінде фикһты Хаммад ибн Сулейманнан, ол Ибраһим ан-Нахағиден, ол Алқамадан, ол Абдулла ибн Масғұдтан, ол Пайғамбардан (с.а.с.), ол Жәбірейілден (а.с.), ол Алла Тағаладан үйренген (әр-Рудани, 1988: 458).

Алауддин ас-Сайрамидің еңбектері қанша және қандай екендігіне қатысты биографиялық және библиографиялық әдебиеттерде мәліметтер аз қамтылған. Белгілі шығыстанушы ғалым Ә. Дербісәлінің айтуынша Алауддин ас-Сайрами хорезмдік ғұлама ас-Саккакидің «Мифтах әл-улум» атты трактатының бір бөлігіне 1342 жылы түсіндірме жазған. Көлемі 139 бет. Әр бет жолы 23 қатардан тұрады (Дербісәлі, 2020). Ә. Дербісәлі ғалымның аталған еңбегін Зерттеу барысында Алауддин ас-Сайрамидің «Рисәләтун фис-сәһуияти әл-уақиғати фи бағди әбуаби әл-Уиқая» атты трактаты табылды. Бүгінде аталмыш еңбектің екі қолжазба нұсқасы сақталған:

1. Сүлеймания кітапханасының Касидежи-Заде қорында 00725-006, 28-32 беттер аралығы. Бұл жерде аталған трактаттың жеке өзі ғана жазылмаған, яғни 00725 деген нөмір ондаған трактаттар жинақталып жазылған жинақ болып отыр. Демек, 00725 деген нөмір аталған трактат қамтылған жинақтың нөмірі. Ал 00725 санынан кейін жазылған 006 деген санға келсек, ол аталған трактаттың жинақта жазылу орны мен реттілігін көрсетеді. Яғни ғалымның жоғарыдағы еңбегі 00725 нөмірлі трактаттар жинағында жазылған 6-трактат дегенді, сондай-ақ жалпы жинақтың 28-32 беттері арасында жазылғандығын білдіреді.

2. Нұросмания кітапханасында 04902-018, 89-94 беттер аралығы. Яғни аталған трактат Нұросмания кітапханасында 04902 нөмірмен сақталған трактаттар жинағында қамтылған. Ал 04902 санынан кейін жазылған 018 деген санға келсек, ол аталған трактаттың жинақта жазылу орны мен реттілігін көрсетеді. Яғни ғалымның жоғарыдағы еңбегі 04902 нөмірлі трактаттар жинағында жазылған 18-трактат дегенді, сондай-ақ жалпы жинақтың 89-94 беттері арасында жазылғандығын білдіреді.

Осы ретте ғалымның еңбегіне тоқталмастан бұрын, оның ныспысына тоқтала кету керек. Өйткені ғалымның Касидежи-Заде қорындағы нұсқада ғалымның ныспысы «әл-Испиджаби» деп жазылса (ас-Сайрами, 00725: 28), ал Нұросмания кітапханасындағы нұсқада «ас-Сайрами» деген ныспы жазылған (ас-Сайрами, 04902: 28). Қарап отырсақ, ғалымға екі қолжазба нұсқасында екі түрлі ныспы жалғанып тұр. Ендеше бұл арада «ғалым Алауддин Испиджабтың тумасы ма әлде Сайрамның ба?», «ғалым Испиджабта туылып, Сайрамда өскен болуы мүмкін», «ғалым негізі сайрамдық, оған Испиджабтық деген ныспы қате телінген», «Испиджаб пен Сайрам екі түрлі емес, бір қаланың аты болған» деген секілді бірқатар заңды сұрақтар мен мәселелер туындайды.

Алайда бұл мәселеде қарама-қайшылық не болмаса қателік орын алмаған. Ғалымның ныспысы бір орында «Испиджаби» деп, келесі орында «Сайрами» деп жазылуы, ол екі атаудың бір қаланың есімдері екенін білдіреді. Негізінен Сайрамның алғашқы және көне атауы – Испиджаб болған. Ал Сайрам оған кейіннен берілген атау. Бұны археолог К.М. Байпаковтың

келесідей тұжырымымен қуаттауға болады: «Испиджабтың қазіргі Шымкент қаласынан 12 шақырым жердегі Сайрам қалашығының орнында орналасқан қала екендігінде еш күмән жоқ. Бұл тұжырым XI ғасырдағы ғалым Махмуд Қашғаридың «Түркі тілдерінің сөздігі» атты еңбегінде анықталған. Ғалым кітабында былай деп жазады: «Сайрам – Ақ қала (Мадина ал-Байда) деп аталған Испиджабтың атауы. Сондай-ақ қаланы Сарьям деп те атайды» (Байпаков, 2013: 25).

Ал енді трактаттың атауына тоқталар болсақ, ол «эл-Уиқаяның (кітабының) кейбір баптарында орын алған қателіктерге арналған трактат» деген мағынаны білдіреді. «эл-Уиқая» кітабы ханафи мәзһабындағы маңызды мәтін еңбектердің бірі. Авторы – Убайдулла ибн Масғуд эл-Махбуби (нижра бойынша 745 ж.қ.б.). Әсіресе бұл мәтін еңбек Орта Азия мұсылмандарына ерекше таныс. Өйткені Әбу Ханифа мәзһабының фикһы бойынша жазылған бұл мәтін еңбек кезінде Қазақ жеріндегі мешіт-медреселерде негізгі ислам құқықтық еңбек ретінде өте көп оқытылған, тіпті қазіргі күнімізде ҚМДБ-ға қарасты медреселерде әлі күнге дейін аталмыш мәтін еңбек шәкірттерге оқытылады. Сонымен қатар аталған мәтін еңбектің қолжазба және литографиялық көшірмелері ҚР Ұлттық кітапханасының қолжазба қорында өте көп сақталған. Бұл да аталған кітаптың Қазақ жерінде көп оқылғандығының айғағы саналады.

Алауддин ас-Сайрамидің жоғарыдағы трактаты аталмыш «эл-Уиқая» мәтін еңбегі аясында сыни тұрғыдан жазылған. Яғни ас-Сайрами аталған мәтін еңбекте орын алған кейбір қателіктерді көрсетіп, талдап, оларды түзетіп отырған. Мұндағы автордың мақсаты – жалпы «эл-Уиқая» еңбегі өте көп оқытылатын еңбек болғандықтан, ондағы орын алған кейбір қателіктерді оқырмандар мен білім алушыларға ескерту.

Алауддин ас-Сайрамидің ханафи мәзһабының дамуына қосқан елеулі үлесі ретінде оның келесідей қызметін атап өтуге болады. Ғалымның артында қалдырған кітаптары көп болмаса да, танымал шәкірттер қалдыра білді. Негізінде сабақ берумен және шәкірт тәрбиелеумен айналысқан ғалымдар көбіне еңбек жазуға уақыт таба алмаған. ас-Сайрами де өмірін медреседе шәкірт оқытуға арнаған ұлағатты ұстаздардың бірі. Каирдегі Баркукия медресесіне ханафи фикһының ұстазы ретінде тағайындалып, сол арқылы Мысырда ханафи мәзһабының таралуына, әсіресе сол жолда ханафи мәзһабының іргелі әрі негізгі құқықтық еңбегі саналатын «Һидая» кітабын шәкірттерге өмірінің соңына дейін үзбей оқытқан. Атап айтқанда ас-Сайрамиден «Һидая» кітабын Бәдруддин эл-Айни, Сиражуддин эл-Кинани секілді ғалымдар үйренген. Бәдруддин эл-Айни – ханафи мәзһабының танымал құқықтанушысы әрі хадисші саналады. Ол ұстазы Сайрамиден алған тәлімінің нәтижесінде кейіннен «Һидая» кітабына ауқымды түсіндірме жазып, ол кітабын «эл-Биная шарх эл-Һидая» деп атаған. Бұл түсіндірме еңбек ғылыми ортада өзіндік орны бар, сұранысқа ие кітаптардың бірі. Ал Сиражуддин эл-Кинаниге келсек, оның шын әрі толық есімі – Омар ибн Али ибн Фарис. Ол да ханафи мәзһабының көрнекті құқықтанушысы. Ұстазы Сайрамидің қасында жүріп ханафи мәзһабын толық меңгеріп, әсіресе «Һидая» кітабын терең үйренген ғалымдардың бірі. Сиражуддин эл-Кинани ислам әлемінде «Қари эл-Һидая» деген мақтаулы есімге ие болған. Сол есімді ол ұстазы Алауддин ас-Сайрамидің Баркукия медресесінде жүріп, ұстазының алдында Һидая кітабын оқып отырушы шәкірт болғандықтан, оған осындай мақтаулы есім берілген (Ибн Хажар, 1969: 379).

Сиражуддин эл-Кинани де «Һидая» кітабын Мысырда кеңінен оқытумен шұғылданған. Одан «Һидая» кітабын үйренген шәкірттерінің арасында Камал ибн Хумамды атап өтуге болады (эл-Жабрати, 447). Камал ибн Хумам кейіннен ұстазынан алған тәлімінің арқасында «Һидая» кітабына өте құнды түсіндірме еңбек жазып шығады. Еңбегі «Фатху эл-Қадир» деп аталады.

Алауддин ас-Сайрами Заһирия медресесінде нижра бойынша 788 жылы келгеннен бастап, 790 жылы ғалым өмірден өткенге дейін ұстаздық еткен (Ибн Хажар, 1972: 365). Қарап отырсақ, небәрі Мысырда өткізген екі жылдың ішінде ханафи мәзһабы бойынша көптеген көрнекті ғалымдарды тәрбиелеп, оларға өзіне дейін үзілмей жеткен тізбек бойынша «Һидая»

кітабын үйретіп кеткен. Осы тұрғыдан алғанда Алауддин ас-Сайрами Мысырда ханафи мәзһабының дамуына жаңа серпін сыйлаған әрі «Һидая» кітабын Мысырдағы ғылыми айналымға кеңінен енгізген Орта Азия ғалымдарының бірегейі деп айтуға толық негіз бар. Өйткені «Һидая» кітабы дегенде Мысырдан еске түсетін Бәдруддин әл-Айнидің «әл-Биная шарх әл-Һидая» кітабының, Камал ибн Хумамның «Фатху әл-Қадир» еңбегінің, сондай-ақ «Қари әл-Һидая» деген лақабқа ие болған Сиражуддин әл-Кинанидің артында Алауддин ас-Сайрами тұрғанын ешкім жоққа шығара алмайды. Мәселен, Алауддин ас-Сайрамиден бұрын Мысырға барып, ондағы Сарғатмишия медресесінде ханафи фикһын оқытқан және «Һидая» кітабына «Ғаят әл-Баян» деп аталатын ауқымды түсіндірме жазған Қауамуддин әл-Итқани де, дәл Алауддин ас-Сайрами секілді әр алуан мәдениеттер мен діни мәзһабтардың тоғысқан ортасында «Һидая» кітабын ғылыми айналымға енгізе алмаған. Оны жоғарыда аталып өткен тарихи құнды деректерден көруге болады. Сонымен қатар қандай да бір ұстаз белгілі бір дін ғалымының кітабын кейінгі ұрпаққа оқытқан кезде, ол ұстаздың сол ғалымға дейін жалғасатын ғылыми генеалогиясы (шежіресі) өте маңызды саналады. Алауддин ас-Сайрами «Һидая» кітабын ұстазы Жалалуддин әл-Курләниден, ұстазы оны Хусамуддин ас-Сығнақи мен Абдулазиз әл-Бухариден, ол екеуі Хафизуддин әл-Кәбирден, ол шәмсул-әйиммә Мухаммад ибн Абдусаттар әл-Кердериден, ол әл-Һидая кітабының авторы Бурхануддин Али ибн Әбу Бәкір әл-Марғинаниден үйренген. Қарап отырсақ, ас-Сайрами мен кітап авторы әл-Марғинани арасындағы ғалымдардың барлығы ханафи мәзһабында өзіндік орны бар танымал ғалымдар саналады. Яғни бұл ғалымдар тізбегін алтын тізбек деп те атауға болады. Ендеше Алауддин ас-Сайрамидің «Һидая» кітабы бойынша осынау ғылыми шежіресі «Һидая» кітабын оқығысы келетін ғылым иелерінің қызығушылығын тудырғаны сөзсіз.

Қорытынды

Алтын орда мен Мәмлүктер мемлекеті арасындағы көп салалы байланыс жалпы ислам мәдениеті мен өркениетінің дамуына жаңа бір серпін сыйлаған дәуір болды. Мәмлүк билеушілерінің ұстанған діни саясатының нәтижесінде Мысырдағы діни ғылым ордаларына Сайрам, Сарай және Иқан қалаларынан шыққан ғалымдар шақыртылып, ұстаздық қызметке тағайындалып отырды. Бұл саясат бір ғана мәмлүк билеушісінің дәуірімен аяқталған жоқ. Керісінше, ол үрдіс бірнеше ғасырға дейін жалғасты. Тарихи деректерге зер салсақ, Сайрам және Сарай ғалымдарының Мысырдағы діни-ағартушылық қызметтерінің өзара жалғасымды тізбегін көруге болады. Мәселен, Алауддин ас-Сайрамидің қазасынан кейін Баркукия медресесінің басшылығы Сайфуддин ас-Сайрами, Низамуддин ас-Сайрами, Адудуддин ас-Сайрами деп аталатын ата, әке, балаға жалғасқан үш ұрпақтың тізгінінде болғандығын көруге болады. Баркукия медресесінен бөлек, Шайхуния, Сарғатмишия, Муәйидия медреселерінде де басқа да сайрамдық және сарайлық ғалымдар ұстаздық қызмет атқарып жатқан. Әрине бұл аталған ғалымдарымыздың барлығы діни ілімдерін Қазақ жерінде жүріп үйренген Орта Азия фикһ мектебінің өкілдері болатын. Сондықтан олар Мысырдағы діни-ағартушылық қызметі барысында өз мектептерінің ерекшелігін көрсете отырып, сол елде ханафи мәзһабының дамуына жаңа бір серпін берген. Атап айтқанда, сайрамдық ғалымдардың Мысырдың жергілікті халқына «Һидая» кітабын тұрақты түрде оқытуының нәтижесінде ханафи фикһы, оның ішінде «Һидая» мәтін еңбегі өзіндік ерекшеліктері бар Мысыр фикһ мектебі өкілдерінің жазған түсіндірмелерімен одан әрі толыға түсіп, жаңа қырлары ашылды. Қорыта келгенде, мәмлүктер дәуірінде Мысырда діни оқу-ағарту ісімен айналысқан Қазақ жерінен шыққан ғалымдардың өмірі мен ғылым жолдары тың деректермен дәлелденіп, баяндалды. Сонымен қатар зерттеу барысында Алауддин ас-Сайрамидің «Рисәләтун фис-сәһуиияти әл-уақиғати фи бағди әбуаби әл-Уикая» атты жаңа трактаты табылды. Бүгінде трактаттың екі қолжазба нұсқасы Стамбулдың қолжазба кітапханаларында сақталған. Негізі қазірге дейін тарихи, ғұмырнамалық, библиографиялық және каталогтық әдебиеттерде ғалымның кітаптары бар не жоқтығына қатысты мәліметтер кездеспейді. Алтын орда мен Мысырдағы мәмлүктер

мемлекеті арасында орын алған жан-жақты байланыстар көрсетілді. Алауддин ас-Сайрами өмір сүрген дәуірде Мысырдағы мәмлүк билеушілерінің халықпен қарым-қатынаста ұстанған діни саясаты анықталып, оған талдау жасалды. Бұнымен қоса, Алауддин ас-Сайрамидің Мысырда ханафи мәзһабының дамуына жаңа серпін берген әрі «Һидая» кітабын Мысырдағы ғылыми айналымға кеңінен енгізген Орта Азия ғалымдарының бірегейі екендігі анықталды.

Әдебиет:

Әс-Суюти, 2002 – *Абдурахман ибн Әбу Бәкр Жалалуддин әс-Суюти*. Назмул-уқиан фи ағиан әл-ағиан. Бейрут: Мактабат әл-Илмия. 2002. 179 б.

Әл-Жабрати, 2016 – *Абдурахман ибн Хасан әл-Жабрати*. Тариху ажайб әл-әсәр фи ат-таражум уа әл-ахбар. Бейрут: Дәр әл-Жил. 2016. 1-том. 657 б.

Нуайһид, 1988 – *Адил Нуайһид*. Муғжам әл-муфассирин мин садрил-ислам уа хаттал-аср әл-хадир. Бейрут: Муассасат Нуайһид. 1988. 2-том. 576 б.

ас-Сайрами, 00725-006 – *Алауддин ас-Сайрами*. Рисәләтун фис-сәһуияти әл-уақиғати фи бағди әбуаби әл-Уикая. Стамбул: Сүлеймания кітапханасы, Касидежи-Заде қоры. 00725-006. 28-32 бб.

ас-Сайрами, 04902-018 – *Алауддин ас-Сайрами*. Рисәләтун фис-сәһуияти әл-уақиғати фи бағди әбуаби әл-Уикая. Стамбул: Нұросмания кітапханасы. 04902-018. 89-94 бб.

әл-Макризи, 1997 – *Ахмад ибн Али ибн Абдулқадир Тақиуддин әл-Макризи*. әс-Сулук ли-мағрифат дуәл әл-мулук. Бейрут: Дәрул кутуб әл-илмия. 1997. 4-том. 395 б.

Дербісәлі, 2016 – *Ә.Дербісәлі*. Түркия кітапханалары мен қолжазба қорларындағы түркістандық ойшылдардың жазба мұралары. Түркология, 2016. № 2. 110-120 бб.

Дербісәлі, 2025 – *Ә.Дербісәлі*. Отырар мен Сайрамның саңлақтары. [Электронный ресурс] URL: <https://egemen.kz/article/217692-otyrar-men-sayramnynh-sanhlaqtary> (Дата обращения: 11.01.2025).

әл-Асқалани, 1969 – *Әбул Фадл Ахмад ибн Али ибн Хажар әл-Асқалани*. Инба әл-ғумр би-анба әл-умр. Мысыр: Ләжнәту ихия әт-турас әл-исләми. 1969. 562 б.

әл-Асқалани, 1972 – *Әбул Фадл Ахмад ибн Али ибн Хажар әл-Асқалани*. әд-Дурар әл-кәминә фи ағиан әл-миәти әс-сәминә. Хайдар-Абад: Мәжлис дәйрат әл-мағариф әл-Османия. 1972. 1-том. 562 б.

Тағри-Бәрди, 1984 – *Әбул-Махасин Жамалуддин Юсуф ибн Тағри-Бәрди*. әл-Мәнһәл әс-сафи уал-мустәуфә бәғдәл-уәфи. Каир: әл-Һәи'әт әл-мысрият әл-ғамма лил-китаб. 1984. 2-том. 506 б.

Байпаков, 2013 – *К.М. Байпаков*. Древняя и средневековая урбанизация Казахстана (по материалам исследований Южно-Казахстанской комплексной археологической экспедиции). Алматы: 2013. Т. 2. 516 с.

Батырша-ұлы, 2021 – *Б. Батырша-ұлы*. Мысыр Мәмлүк мемлекетінің Дешті-Қыпшақпен байланыстары: XIII – XV ғғ. Алматы: Нұр-Мұбарак. 2021. 416 б.

Зайнуддинов, 2017 – *Д.Р. Зайнуддинов*. Ученый из Сарая – Мавляна Зада ас-Сараи (754/1353–791/1389) – в биографическом словаре ал-Макризи Таки ад-Дина (766/1365–845/1441) «Китаб ал-Мукаффа ал-Кабир» (Большая рифмованная книга). Институт истории им. Ш. Марджани АН РТ 420111, Казань, Российская Федерация. Золотоордынское обозрение. 2017. Т. 5, №1.

әс-Суюти, 2004 – *Жалалуддин әс-Суюти Абдурахман ибн Әбу Бәкір*. Буғиат әл-уғат фи табақат әл-луғауин уан-нухат. Ливан: Мактабат әл-асрия. 2004. 2-том. 429 б.

әл-Кафауи, 2017 – *Махмуд ибн Сулайман әл-Кафауи*. Ката'ибу ағлам әл-ахиар мин фуқаһа'и мәзһаб ән-Нуғман әл-Мухтар. Стамбул: Мактабат әл-Иршад. 2017. 4-том. 592 б.

Нуртазина, Исахан, 2022 – *Н.Д. Нуртазина, М.Б. Исахан*. Постзолотоордынский декаданс и судьбы религии в казахском кочевом обществе XV – начала XVIII вв. Золотоордынское обозрение / Golden horde review. 2022. 10 (4). 910-934 бб.

ар-Рудани, 1988 – *Шамсуддин Әбу Абдулла Мухаммад ибн Мухаммад ар-Рудани*. Силатул-халаф би-маусул әс-сәләф. Бейрут: Дәрул ғарб әл-ислами. 1988. 476 б.

Abdunaim, Derbisali, Omirzhanov, Kozhambek, 2015 – *Abdunaim, A. Derbisali, Ye. Omirzhanov, D. Kozhambek*. Political, Legal, Religious Reforms of the Altyn Orda in Its Early Years. Mediterranean Journal of Social Sciences 2015. Vol 6 No 6 S1. MCSER Publishing, Rome-Italy November. 561-568 pp.

Abylov, Zholdassuly, 2023 – *T. Abylov, T. Zholdassuly*. Altın Orda devleti'nin islamlaşmasında Yeseviyye ve Kübreviyye tarikatlarının rolü. Sayı 105 / bahar - mart 2023 Türk kültürü ve Hacı Bektaş Velî araştırma dergisi. 2023. 301-312 s.

References:

Derbisali, 2016 – *A. Derbisali*. Turkiya kitapxanalari men qoljazba qorlarindagi turkistandiy o'ylardyn jazba muralari [Written heritage of Turkestan thinkers in Turkish libraries and manuscript collections]. Turkologiya, 2016. № 2. 110-120 bb. (In Kazakh)

Derbisali, 2025 – *A. Derbisali*. Otyrar-men-sayramnyh-sanhlaqtary [Famous scientists of Otyrar and Sairam]. [Elektronnyj resurs] URL: <https://egemen.kz/article/217692-otyrar-men-sayramnyh-sanhlaqtary> (accessed 11.01.2025). (In Kazakh).

Abdunaim, Derbisali, Omirzhanov, Kozhambek, 2015 – *Abdunaim, A. Derbisali, Ye. Omirzhanov, D. Kozhambek*. Political, Legal, Religious Reforms of the Altyn Orda in Its Early Years. Mediterranean Journal of Social Sciences 2015. Vol 6 No 6 S1. MCSER Publishing, Rome-Italy November. 561-568 pp. (in English).

as-Suyuti, 2002 – *Abdurakhman ibn Abu Bakr Zhalaluddin as-Suyuti*. Nazmul-ukyan fi agyan al-ayyan [Al-Uqayan wrote in Notable Men]. Beyrut: Maktabat al-Ilmiya. 2002. 179 b. (in Arabic).

al-Dzhabrati, 2016 – *Abdurakhman ibn Khasan al-Dzhabrati*. Tarikhu azhaib al-asar fit-tarazhum wa al-akhbar [The history of the wonders of antiquities in biographies and news]. Beyrut: Dar al-Zhil. 2016. 1-tom. 657 b. (in Arabic).

al-Askalani, 1969 – *Abul Fadl Ahmad ibn Ali ibn Hazhar al-Askalani*. Inba al-gumr bi-anba al-umr [News of being inundated with news of life]. Mysyr: Lazhnatu Ihiya al-Turas al-Islami. 1969. 562 b. (in Arabic).

al-Askalani, 1972 – *Abul Fadl Ahmad ibn Ali ibn Hazhar al-Askalani*. ad-Durar al-kamina fi agyan al-miati as-samina [The pearls hidden in the notables of the Eighth Hundred]. Haydar-Abad: «Mazhlis Dayrat al-maarif al-Osmaniya». 1972. 1-tom. 562 b. (in Arabic).

Tagri-Bardi, 1984 – *Abul-Mahasin Zhamaluddin Yusuf ibn Tagri-Bardi*. Al-Manhal as-Safi wal-Mustawfa bagda al-Wafi [The pure and fulfilling source after the fulfillment]. Kair: «al-Hayat al-mysria al-amma lil-kitab». 1984. 2-tom. 506 b. (in Arabic).

Nuwayhid, 1988 – *Adil Nuwayhid*. Mugzham al-mufassirin min sadril-islam wa hattal-asr al-hadir [A dictionary of interpreters from the beginning of Islam until the present era]. Beyrut: Musassat Nuwaihidi. 1988. 2-tom. 576 b. (in Arabic).

al-Makrizi, 1997 – *Ahmad ibn Ali ibn Abdul Kadir Takiuddin al-Makrizi*. al-Suluk li-magrifat dual al-muluk [Behavior to know the countries of kings]. Beyrut: «Darul Kutb al-Ilmiya». 1997. 4-tom. 395 b. (in Arabic).

al-Sayrami, 04902-018 – *Alauddin al-Sayrami*. Risalatun fi as-sahwiyyat al-waqigati fi bagdi abwab al-Wiqaya [A treatise on oversights that occur in some chapters of the al-Wikaya]. Stambul: «Nurosmaniya kitaphanasy». 04902-018. 89-94 bb. (in Arabic).

al-Sayrami, 00725-006 – *Alauddin as-Sayrami*. Risalatun fi as-sahwiyyat al-waqigati fi bagdi abwab al-Wiqaya [A treatise on oversights that occur in some chapters of the al-Wikaya]. Stambul: «Suleymaniye kitaphanasy, Kasidezhi-Zade qory». 00725-006. 28-32 bb. (in Arabic).

Batyrsha-uly, 2021 – *Batyrsha-uly B.* Mysyr Mamluk memleketinin Deshti-Kypshakpen bailanystary [Relations of the Mamluk state of Egypt with Deshti-Kipchak]: XIII – XV gg. Almaty: «Nur-Mubarak». 2021. 416 b. (In Kazakh).

Baypakov, 2013 – *Baypakov K.M. Drevnyaya i srednevekovaya urbanizatsiya Kazakhstana* (po materialam issledovaniy Yuzhno-Kazakhstanskoy kompleksnoy arkheologicheskoy ekspeditsii) [Ancient and medieval urbanization of Kazakhstan (based on research materials of the South Kazakhstan Complex Archaeological Expedition)]. Almaty. 2013. T. 2. 516 s. (In Russian).

Zaynuddinov, 2017 – *D.R. Zaynuddinov. Uchenyi iz Saraya – Mavlyana Zada as-Sarai* (754/1353–791/1389) – v biograficheskom slovare al-Makrizi Taki ad-Dina (766/1365–845/1441) «Kitab al-Mukaffa al-Kabir» (Bol'shaya rifmovannaya kniga) [The scholar from Sarai – Mawlana Zada al-Sarai (754/1353–791/1389) – in the biographical dictionary of al-Makrizi Taqi ad-Din (766/1365–845/1441) “Kitab al-Muqaffa al-Kabir” (Big rhymed book)]. Institut istorii im. SH. Mardzhani AN RT 420111, Kazan, Rossiiskaya Federatsiya. Zolotoordynskoye obozreniye. 2017. T. 5, №1. (In Russian).

al-Kafawi, 2017 – *Mahmud ibn Suleyman al-Kafawi. Kataib aglam al-akhiyar min fukaha madhab an-Nugman al-Mukhtar* [Brigades of prominent figures from the jurists of the Al-Numan Al-Mukhtar school of thought]. Stambul: «Maktabat al-Irshad». 2017. 4-tom. 592 b. (in Arabic).

Nurtazina, Isakhan, 2022 – *N.D. Nurtazina, M.B. Isakhan. Postzolotoordynskii dekadans i sud'by religii v kazakhskom kochevom obshchestve XV – nachala KHVIII vv.* [Post-Golden Horde decadence and the fate of religion in the Kazakh nomadic society of the 15th – early 18th centuries]. Zolotoordynskoye obozreniye / Golden horde review. 2022. 10 (4). 910-934 bb. (In Russian).

ar-Rudani, 1988 – *Shamsuddin Abu Abdulla Muhammad ibn Muhammad ar-Rudani. Silat al-Khalaf bi-Mausul as-Salaf* [The connection of the successor to the connection of the predecessor]. Beyrut: «Dar al-Gharb al-Islami». 1988. 476 b. (in Arabic).

Abylov, Zholdassuly, 2023 – *T. Abylov, T. Zholdassuly. Altin Orda devletinin islamlashmasinda Yeseviyye ve Kubreviyye tarikatlarinin rolu* [The role of Yeseviyye and Kubreviyye sects in the Islamization of the Golden Horde state]. Sayi 105 / bahar – mart. Turk kulturu ve Hazhi Bektash Veli arashtirma dergisi. 2023. 301-312 s. (In Turkish).

as-Suyuti, 2004 – *Zhalaluddin as-Suyuti Abdurakhman ibn Abu Bakr. Bugiat al-ugat fi tabakat al-lugwiin wa an-nuha* [In order to raise awareness among the classes of linguists and grammarians]. Livan: Maktabat al-Asriya. 2004. 2-tom. 429 b. (in Arabic).

¹ Илесбеков Б.О. ² Керим Ш.Т. ³ Мухитдинов Р.С.

^{1,2,3} Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Алматы, Казахстан

E-mail: ¹ bizhan.ilesbekov@mail.ru, ² kerim-1962@mail.ru,

³ mukhitdinov.rashid@gmail.com

ВКЛАД АЛАУДДИНА АС-САЙРАМИ В РАЗВИТИЕ ХАНАФИТСКОЙ ШКОЛЫ В ЭПОХУ ЗОЛОТОЙ ОРДЫ

Аннотация. В данной статье рассказывается о религиозно-просветительской деятельности ученых, вышедших из Казахстана, в эпоху мамлюков в Египте. Новизна исследовательской работы заключается в демонстрации того, как многогранные взаимоотношения Золотой Орды и египетских мамлюкских государств в политической, военной, торгово-экономической и религиозной сферах оказали влияние на развитие ханафитского мазхаба в Египте. Кроме того, задачей исследовательской работы являются выявление имен ученых Тараза, Сарая, Сайрама и Икана, которые занимались религиозной и просветительской деятельностью в Египте в тот же период между двумя странами, а также предоставление новых сведений об их жизни и научном пути, учителях и учениках, а также написанных ими книгах. Целью данной исследовательской работы является рассмотрение Алауддина ас-Сайрами среди ученых-сайрамитов и более глубокое изучение его жизни, научного пути, научной генеалогии его учителей и учеников, его письменных трудов, а также его религиозной и просветительской деятельности в Египте. Для достижения поставленных

целей и задач при написании данной статьи были использованы методы исторического, сравнительного, индукционного, дедуктивного, текстологического анализа и анализа. В результате исследования научному сообществу был представлен недавно обнаруженный трактат Алауддина ас-Сайрами «Рисалатун фис-сахвийати аль-вакигати фи багди абуаби аль-Уикайя», а также предоставлены новые сведения о его рукописных версиях, сохранившихся в мире. Также обоснованными выводами доказан вклад Алауддина ас-Сайрами в развитие ханафитского мазхаба в Египте и широкое внедрение в научный оборот в Египте книги «Хидая», написанной в Средней Азии.

Благодарность: Данная статья опубликована в рамках государственного программно-целевого научного проекта «Традиционный ислам в Казахстане: научно-практические основы и пути развития» («БР24993035»), реализация которого запланирована на 2024–2026 годы.

Ключевые слова: ислам, мазхаб, фикх, традиция, рукопись.

¹ Ilesbekov B.O. ² Kerim Sh.T. ³ Mukhitdinov R.S.

^{1,2,3} Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak, Almaty, Kazakhstan

E-mail: ¹ bizhan.ilesbekov@mail.ru, ² kerim-1962@mail.ru,

³ mukhitdinov.rashid@gmail.com

ALAUDDIN AS-SAYRAMI'S CONTRIBUTION TO THE DEVELOPMENT OF THE HANAFI SCHOOL IN THE GOLDEN HORDE ERA

Abstract. This article discusses the religious and educational activities of scholars from Kazakhstan during the Mamluk period in Egypt. The novelty of the research work lies in demonstrating how the multifaceted relations between the Golden Horde and the Egyptian Mamluk states in the political, military, trade, economic and religious spheres influenced the development of the Hanafi madhhab in Egypt. In addition, the objective of the research work is to identify the names of the scholars of Taraz, Sarai, Sairam and Ikan, who were engaged in religious and educational activities in Egypt during the same period between the two countries, as well as to provide new information about their lives and scientific path, teachers and students, as well as the books they wrote. The purpose of this research work is to consider Alauddin al-Sairami among the Sayramite scholars and to study in more depth his life, scientific path, scientific genealogy of his teachers and students, his written works, as well as his religious and educational activities in Egypt. To achieve the stated goals and objectives, the methods of historical, comparative, inductive, deductive, textual analysis and analysis were used in writing this article. As a result of the study, the recently discovered treatise of Alauddin al-Sayrami, Risalatun fis-sahviyati al-waqiqati fi bagdi abuabi al-Waqayya, was presented to the scientific community, as well as new information about its manuscript versions that have survived in the world. Also, the contribution of Alauddin al-Sairami to the development of the Hanafi madhhab in Egypt and the widespread introduction of the book “Hidaya”, written in Central Asia, into scientific circulation in Egypt have been proven by well-founded conclusions.

Acknowledgement: The article was published within the framework of the state program-targeted scientific project "Traditional Islam in Kazakhstan: Scientific and Practical Foundations and Development Pathways" ("BR24993035"), which will be implemented in 2024-2026.

Keywords: Islam, madhhab, fikh, tradition, manuscript.

Авторлар туралы мәлімет:

Илесбеков Бижан Оразалиевич, PhD докторы, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің аға оқытушысы, Алматы, Қазақстан Тел: +7702-985-51-58

Керім Шамшәдин Тұрсынұлы, филология ғылымдарының докторы, профессор, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің аға оқытушысы, Алматы, Қазақстан

Мухитдинов Рашид Сражович, филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Нұр-

Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің аға оқытушысы, Алматы қ. Қазақстан

Информация об авторах:

Илесбеков Бижан Оразалиевич, PhD доктор, старший преподаватель Египетского университета исламской культуры «Нур-Мубарак», Алматы, Казахстан.

Керим Шамшадин Турсынович, доктор филологических наук, профессор, старший преподаватель Египетского университета исламской культуры «Нур-Мубарак», Алматы, Казахстан.

Мухитдинов Рашид Срайович, кандидат филологических наук, доцент, старший преподаватель Египетского университета исламской культуры «Нур-Мубарак», Алматы. Казахстан.

Information about the authors:

Ilesbekov Bizhan Orazalievich, PhD doctor, senior lecturer of the Egyptian University of Islamic Culture "Nur-Mubarak", Almaty, Kazakhstan.

Kerim Shamshadin Tursynovich, Doctor of Philology, professor, senior lecturer of the Egyptian University of Islamic Culture "Nur-Mubarak", Almaty, Kazakhstan.

Mukhitdinov Rashid Srayovich, candidate of philological sciences, associate professor, senior lecturer of the Egyptian University of Islamic Culture "Nur-Mubarak", Almaty. Kazakhstan.